



Ә.Науаи атындағы ЖББМ география пәнінің мұғалімі **Мухтарам Юнусалиевна Исаяваны** 60 жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз. Ұзақ жылдан бері білім саласының жұмысын жандандырып, еселе еңбек етіп жүрген сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, қажымас қайрат және өзіңізден тараған алтын асықтай ұл-қыздарыңыздың, қылықтары балдай тәтті немерелеріңіздің қызығын көре беріңіз дейміз. Сізге осы бір мерейлі сәтіңізде ақ ниетпен қартаймас жайдары көңіл мәнді де, мағыналы ғұмыр, жемісті еңбек пен сарқылмас қуат тілейміз. Аман болыңыз, ауырмаңыз. Арамызда үнемі күліп-ойнап жүре беріңіз!

Шәкірттеріңіздің арасында жүріңіз, Шаттықтан анық болсын жүзіңіз. Тілек еттік шын жүректен бәріміз Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз!

Шаттықтан анық болсын жүзіңіз.

Тілек еттік шын жүректен бәріміз

Мықты болып ұзақ өмір сүріңіз!

Құттықтаушылар:

мектеп ұжымы мен кәсіподақ ұйымы.

Ескерткіштер елге мұра, ұрпаққа аманат

18 мамыр - Халықаралық музейлер күні осыдан 40 жыл бұрын, яғни 1977 жылы Мәскеу қаласында өткен Дүние жүзі мәдени қауымдастығының Халықаралық музейлер кеңесінің Бас конференциясында бекітілген болатын. Бұл мейрам 1978 жылдан бері 150-ден астам мемлекетте мерекеленеді. 1997 жылы тұңғыш рет «Музей күні» шарасы Берлин қаласында өткізілген. Бүгінгі таңда республикамыздың барлық өңірлеріндегі музейлерде «Ашық есіктер» күнін өткізумен қатар «Музей күні» өткізіледі.

Халқымыздың ғасырлардан тамыр тартатын өткені мен бүгінгі, жылдар қойнауындағы құндылығы мен тарихын халық арасына, кейінгі ұрпаққа жеткізуде музейлердің маңызы зор. Себебі, музей – бірнеше дәуірдің тарихын, этнографиясын, тарихи тұлғаларын, өнерін жинақы түрде

ұрпақтан ұрпаққа жалғап отырған бірден-бір институт. Музей – тек қана тарихтан сыр шертетін орын емес, сонымен қатар, тәрбиелік мәні бар, жастарға білім беретін рухани орын. Қандай музей болса да оның қоғамнан алатын орны ерекше.

Бүгінгі жаһандану заманында еліміздің тарихы мен айбарын халыққа танытып, тәуелсіздігімізді тұғырлы ету жолындағы жоспарлар мен істерді ел ішіне жеткізу маңызды да жауапты міндеттің бірі болып отыр. Осы орайда халқымыздың ғасырлардан тамыр тартатын өткені, яғни, тарихын халық арасына, кейінгі ұрпаққа таратуда музейлердің маңызы зор. Музей - ғылыми, мәдени-тарихи орталық. Музейлер - бірнеше дәуірдің тарихын, этнографиясын, тарихи тұлғаларын, өнерін жинақы түрде ұрпақтан ұрпаққа жалғап отыратын институт. Сонымен

қатар ол жинақталған мұраны ғылыми түрде зерттеп, зерделеп, халықтың тарихын, мәдениетін, салт-дәстүрін танытып отырады.

Музей – өлкенің тарихы, халықтың қазынасы, ел-жұрттың тағдыры – бәріміздің тағдырымыз. Музейдің адамзат тарихындағы алатын орны ерекше екені белгілі. Қазіргі кезде музейлердің алдында болашақ үшін мәдени мұраны сақтау және мәнді құндылықтарды замандастар үшін көрсету, насихаттау мәселелері тұр. Мәдени құнды көне заттарды көрсету, жалпы адамзаттық мәнін ашу арқылы музейге келушілердің адамгершілік, рухани өсуіне әсер ету.

А.МЕДКУЛОВА,

Т.Рысқұлов атындағы тарихи өлкеану музейінің аға ғылыми қызметкері.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсету, «бір терезе» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтерді, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға арналған техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерді, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтерін көрсетуге өтініштер қабылдау және көрсетілетін қызметті алушыға олардың нәтижелерін беру жөніндегі жұмысты ұйымдастыру, сондай-ақ электрондық нысанда мемлекеттік қызметтер көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған, орналасқан жері бойынша жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын заңды тұлға.

1) «бір өтініш» қағидаты - бір өтініш негізінде көрсетілетін бірнеше мемлекеттік қызметтің жиынтығы көзделетін мемлекеттік қызмет көрсету нысаны;

2) «бір терезе» қағидаты - мемлекеттік қызметті орталықтандырып көрсетудің мемлекеттік қызметтер көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушының құжаттарды жинау мен дайындауға барынша аз қатысуын және оның көрсетілетін қызметті берушілермен тікелей байланысын шектеуді көздейтін нысаны;

3) мемлекеттік көрсетілетін қызмет - көрсетілетін қызметті алушылардың өтініш жасауы бойынша немесе өтініш жасауынсыз жүзеге асырылатын және олардың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін іске асыруға, оларға тиісті материалдық немесе материалдық емес игіліктер беруге бағытталған жекелеген мемлекеттік функцияларды іске асыру нысандарының бірі немесе олардың жиынтығы;

Рысқұлов ауылдық округінде төмендегі қызметтер көрсетіледі:

1. "Елді мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары.

2. "Жер учаскесін алу үшін кезекке қою" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары.

3. "Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары.

4. "Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары.

5. "Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу" мемлекеттік қызметін көрсету қағидалары.

6. Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы.

Игенбай Серік Нұржанұлы,
Рысқұлов ауылдық округ әкімі аппаратының бас маманы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Sastobe Tau ken» ЖШС Түркістан облысы Түлкібас ауданындағы Таш-Төбе кен орнында құрылыс тасын (әктас) өндіруге арналған «Тау-кен жұмыстарының жоспары» бойынша экологиялық құжаттама материалдарына (РООС, НДВ, ПЭК, ПУО, ППМ) қатысты ашық жиналыстар форматында қоғамдық тыңдаулар өткізілетінін хабарлайды.

Координаттары: 42е31'58,14"C; 69е57'38,00"Ш.

Өсер ету аумағы – Түлкібас ауданы, Састөбе кенттік әкімшілік аумағы.

Координаттары: 42е33'19"C; 69е59'58"Ш.

Қоғамдық тыңдаулар өтетін уақыты мен орны:

2026 жылғы 04 маусым, сағат 11:00-де

Мекенжайы: Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Састөбе к.ә., Састөбе кенті, 1 Мамыр көшесі, 1-Г үй, Мәдениет үйі.

Онлайн форматта қатысу үшін сілтеме:

<https://us04web.zoom.us/j/6165408596?pwd=a1o0a3R0UGROymlxZDZtbXJnTkNRUT09>

Конференция идентификаторы: 616 540 8596 Қол жеткізу коды: 123456

Жобалаушы:

«Ахтямов В. Р.» жеке кәсіпкері, мекенжайы: Қостанай облысы, Қостанай ауданы, Жамбыл ауылы, Садовая көшесі, 347/2, ЖСН 640518301423, тел: +7 705 746 27 32, e-mail: yaecologiya@mail.ru, жетекшісі: Ахтямов В. Р.

Инициатор:

«Sastobe Tau ken» ЖШС, Қазақстан Республикасы, Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы, Қарабауыс ауылдық округі, Сынтас ауылы, Е. Сарыпбеков көшесі, 61 ғимарат, БСН 090940014672, e-mail: info.sastobetauken@mail.ru, директоры: Ескеров А. Қ.

Қоғамдық тыңдаулар материалдарымен келесі сайттарда танысуға болады: қоршаған ортаның жай-күйі мен табиғи ресурстар туралы Ұлттық деректер банкінің ақпараттық жүйесі – <https://ndbecology.gov.kz/>, жергілікті атқарушы органның сайты – <https://www.gov.kz/memleket/entities/turkestan-tabigiresurstar/activities/directions?lang=ru>

Қосымша ақпаратты мына байланыстар арқылы алуға болады: тел.: +7 705 746 27 32, e-mail: yaecologiya@mail.ru.

Ескертулер мен ұсыныстарды «Түркістан облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ келесі мекенжай бойынша қабылдайды:

Түркістан облысы, Түркістан қаласы, Жаңа Қала шағынауданы, 32-көшесі, 20-ғимарат, e-mail: a.erkebai@ontustik.gov.kz.

Құрметті Түлкібас ауданының тұрғындары 2026 жылғы көктемгі өскерге шақыру науқаны жүріп жатқанына байланысты, Түлкібас ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөліміне дәрігерлік сараптамаға келмей өскерден жалтарып жүрген азаматтарға

ЕСКЕРТУ

ескертіледі

«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» ҚР кодексінің 647, 648, 493 баптарына сәйкес әкімшілік айыппұл салу жұмыстары жүргізіліп жатқаны туралы

Т.БАЙМЕНОВ,
Түлкібас ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, подполковник.

<p>Директор-бас редактор Марат Қалтаев.</p> <p>МЕКЕН ЖАЙЫМЫЗ: 161300, Түркістан облысы, Түлкібас ауданы, Т.Рысқұлов ауылы, Т.Рысқұлов көшесі, 216.</p> <p>Е-Mail: «gshamshyrak@mail.ru»</p>	<p>Редактор: 51-101, жауапты хатшы, есеп бөлімі: 51-103, тілшілер: 52-711.</p> <p>Тілшілер: Аяжан Мәмет, Гүлнур Бисенқызы. Корректор: О.Көмеков Тарату бөлімі: Е.Периебаев тел: 51-103</p>	<p>Шамшырақ</p> <p>Газет Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігінің Ақпарат және Мұрағат комитетінде 2005 жылдың 14 сәуірінде тіркеліп, оған №5913-г куәлігі берілді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, құрастырылды. “ERNUR print” жауапкершілігі шектеулі серіктестігі баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Өлімқұлов көшесі, 22.</p>	<p>“Шамшырақ” газеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі</p> <p>А - ақысы төленген.</p> <p>көркемдеуші дизайнер: Айгүл НҮРСЕЙТОВА</p> <p>Немірдің кезекші редакторы: Орынтай КӨМЕКОВ</p>
<p>Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді. Хаттар өңделеді, қолжазба авторға қайтарылмайды.</p>			<p>Таралымы 5005 дана. Тапсырыс № 782</p>